

**Жәнібек ауданы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 67 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 мамырда № 6235 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Жәнібек ауданы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Жәнібек ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 маусымдағы №109 "Жәнібек ауданы бойынша 2019 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5706 тіркелген, 2019 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Молдағалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сафималиев

Жәнібек ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 12 мамырдағы № 67  
қаулысына қосымша

**2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың бір айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)
---	--	------------------------------------	------------------------------------	---------------------------------------	--

әкімшілік-аумақтық орналасуы	ұйымдарының атаулары	ұйымдарының тәрбиеленушілерсаны	білім беру тапсырысы (теңге)	3 жасқа дейін	3 жастан 6 жасқа дейін
<b>Бөбекжай (жергілікті бюджет)</b>					
1	Жасқайрат ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ақбота" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	56312	5000 6000
2	Борсы ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Балапан" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	65060	5000 6000
3	Ақоба ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Балауса" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	26	71442	5000 6000
4	Қамысты ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Балбұлақ" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	35	66100	5000 6000
5	Тау ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Қайрат" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	55779	5000 6000
6	Ұзынкөл ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ұзынкөл" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	30	73028	5000 6000
<b>Мектеп жанындағы толық күндік балабақша (жергілікті бюджет)</b>					
7	Жақсыбай ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "М.Б.Ықсанов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	30	33250	5000 6000

8	Талов ауылы	Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ғ.Сарбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20	37988	5000	6000
9	Жәнібек ауылы	"Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жәнібек" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	54893	5000	6000
10	Жәнібек ауылы	"Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдәурен" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	50352	5000	6000
11	Жәнібек ауылы	Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Алтын ұя" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	27714	5814	7893